

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 21 мамырдағы N 3958
Жарлығын іске асыру туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі 1998 жылғы 3 маусымдағы N 100.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 21 мамырдағы N 3958 U983958_ Жарлығын іске асыру мақсатында:

1. Қайта ұйымдастырылған мемлекеттік органдар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қайта ұйымдастыру рәсімдерін қамтамасыз етсін.

2. Қайта ұйымдастырылған және жаңадан құрылған мемлекеттік органдар екі апта мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіппен құрылымы, штат саны мен мемлекеттік органдар туралы ережелер жөніндегі ұсыныстарын енгізісін.

3. Қаржы министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесе отырып, үш ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметіне қолданылып жүрген нормативтік актілерді "Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 21 мамырдағы N 3958 Жарлығына сәйкес келтіру жөніндегі ұсыныстарды белгіленген тәртіппен енгізісін.

Премьер-Министр